






## **5-6 ЖАСТАҒЫ БАЛАЛАРДЫҢ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫНДЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ ШАРТТАРЫ**



1. Физикалық даму деңгейі, медициналық көрсету бойынша денсаулықтың күйі, жұмысқа қаблеттілігі, шыдамдылығы, трек – қимылдағыш аппаратының дамуы және т,б



2. Психикалық даму деңгейінің баланың мектепке деген дайындығын бекітеді. баланың таным процесінің дамуы. Рухани зияткерлік, еріктің, дамуы. әрқайсысына тоқталып кететін болсам:



**Рухани зияткерлік дайындығы-ол білім деңгейін сипаттайды. Қоршаған орта жайында алғашқы білім деңгейі баланың айналадан құралатын және де көрнекілік-іс- әрекеттену, көрекілік – елестету ,ойлаудың дамуы, шығармашылық қиялдау,зейін, сөйлеу мүшелері толық дапып жетілуді айтады.**

### **Сөйлеу**

*Мектепке бару кезінде бала уйренетін*

*тілінің көп жақты тілді*

*психологиялық икемділігі: сөздік,*

*дыбысқұрамы, грамматикалық*

*уйлесімділіктің болуы.*

*Баланың сөздік қоры 3000-3500га дейін жетеді.балалар сөйлемде тек жеңіл*

*ғана емес қиын, ауыр сөйлемдер*

### **Есі**

*құрастырып қолдануы тиіс.*

*мектепалды балалардың жасында еріксіз*

*ес түрі басым болады. Саналы түрде*


*қойылған мақсат жоқ ол жеңіл және көпке*

*шейін есте сақтайды.балаларда*

*қозғалмалы –ес және эмоциялық ес жақсы дамыған. Баланың есте сақтау қабілетін*

*анықтау үшін зерттеу жұмыстары*

*қарастырылған.*



## **Қиялы**


**Мектепке келер алдында қиял ерекше айқындалады.**

**Балада еріксіз елестету мен айқындалса , дами келе ерікті қиялға ауысады. Ол үшін алдымен ол рөлдік ойындар арқылы, содан кейін басқа қызмет түрлерінен алдын ала жоспарланады.**

## **Бала зейіні**

**Бала алдымен еріксіз зейінге ие болады, соңына қарай мектепалды жасында ерікті зейіннің бастамасы айқындалады. Бұл баланың зейінінің тұрақтала бастағанын көрсетеді.жаңа білім баланың психикасына өте маңызды.балда еріктік зейіннің арқасында зейінді жақсы бөле алдды.**

**Мысалы, суретке мұқият қарап,олардың айырмашылығын,ұқсастығын ажыратуға зейін аударады.егер баланың зейін бөлуі нашар болса ,онда ата аналарға кеңс беріледі.уйде жаттығулар өткізуге.**






### **Еріктік дайындық**

Ерікті деңгейіне сәйкес келетін қалыптасуында пайда болады. Ес, зейін, ойлау ерікті дамиды. Саналы түрде бала өзінің зейіні мен және есеппен басқара алады. Ерікті дайындық өз-өзін қадағалауды жетілдіре істей алуында айқындалады. «заттарды салыстырады», «менің айтқанымды қайталай алады» т.б

### **Мотивациялық дайындық**

Жүйенің өзіне түрткі болатын баланың мектепке деген қатынасы. Сабақтың орындалуы оқушының міндеті болғаннан кейін оның уайымдағыш қасиеті анықталады. Сол кезде ол мақтаныш сезімінде болады, себебі ол-оқушы. мектепте жақсы оқуға тырысады, сыныптастарымен және қоршаған ортамен қарым –қатынас деңгейі артады.бір біріне көмек беру ,бөлісу, ренжімеу, орынсыз тентек болмау қағидаларын ұстана бастайды. Сондықтан мектепалды жасындағы балаларды жақсы тәрбиелеп оларды мектеп табалдырығын абыроймен аттату біз ,тәрбиешілердің басты міндеті.



**5-6 жастағы балаларды  
мектепке дайындаудың  
жалпы білім беру  
бағдарламасының мазмұны**

**Мектеп алды дайындық  
мазмұнының мектепке  
дейінгі тәрбие мен  
оқытудың келесі топтама  
деңгейі түрінде көрсету.**

